



SAQSHY



№4
(4554)



www.mediaovd.kz

Газет 1933 жылдан бастап шығады

Бейсенбі, 16.01.2020



Еріктілер – ПОЛИЦИЯ КӨМЕКШІСІ

КЕЗДЕСУ

ЖЕМҚОРЛЫҚ СЕБЕПТЕРІН ЖОЮ – БАСТЫ МАҚСАТ



2019 жылдың 9 желтоқсанында Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың бастамасымен республикалық «Жемқорлыққа қарсы Бірінші медиа орталық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Байғұловпен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын.

Осыған орай, медиа орталық төрағасы меморандумның негізгі талаптары бойынша атқарылуы тиіс бірқатар жұмыстарды насихаттау мақсатында Тараз қаласына іссапармен келді.

Жұмыс сапарын көші-қон қызметі орталығымен танысудан бастаған Төлеген Байғұлов мекемедегі қызметкерлердің қызмет көрсетудегі халықпен қарым-қатынасын бақылап, орталыққа келген азаматтармен сұхбаттасты.

Жалпы, Көші-қон қызметі орталығы іске кіріскелі бері Қазақстан Республикасына келген шетелдіктерге мемлекеттік қызмет көрсету жақсартылып, оларға ыңғайлы жағдай жасау арқылы қызмет көрсету

мерзімі едәуір қысқартылды. Бүгінде көші-қон орталығының қызметіне жүгіншілер құжаттарды екі сағаттың ішінде рәсімдеуге мүмкіндік алған. Осыған байланысты Т. Байғұловпен әңгімелесу барысында тұрғындар да мекеме жұмысына ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ, Медиа орталық өкілдері облыстық Полиция департаментінің бірнеше фронт-кеңсесінде болып, жұмыстарымен танысты. Фронт-кеңсе қызметіндегі негізгі мақсат – полиция мен халық арасындағы қарым-қатынастың ашықтығын қамтамасыз ету, кез келген құқықтық мәселе бойынша тұрғындарға жедел түрде көмек көрсету.

Жұмыстарды жіті бақылаған «Жемқорлыққа қарсы Бірінші медиа орталық» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Байғұлов:

– Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесінде ІІМ қызметінің тиімділігін арттыру, жемқорлыққа қарсы саясатты ілгерілету бойынша бірлескен іс-шараларды іске асыру, оны туындататын себептер мен салдарларды жою – бірлескен меморандумның негізгі мақсаты. Осы мақсат аясында ІІМ-мен кешенді жоспарлар жасап, нәтижелі істерге қол жеткіземіз деп отырмыз. Біз полиция қызметкерлерінің арасындағы заң бұзушылықтарды анықтап қана қоймай, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасауға мүмкіндік болмайтындай жағдайлар жасауымыз керек. Бұл барлығымызға ортақ міндет, – деді.

Іссапар барысында Жамбыл облыстық Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Бауыржан Үдергенов, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департамент бастығының бірінші орынбасары Равиль Төлебаев пен «Жемқорлыққа қарсы Бірінші медиа орталық» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Байғұлов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен қоғам белсенділеріне брифинг өткізді. Шара барысында полиция қызметінің халықпен ашық қарым-қатынас орнатуына байланысты сауалдармен қатар, жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы бірқатар мәселе де ортаға салынды. Журналистер сауалына тиісті жауаптар беріліп, ой-пікірлер назарға алынды.

Жамбыл облысы ПД баспасөз қызметі



3-бет

Сенат депутаты – Алматы Академиясында

Парламент Сенаты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мұхтар Құл-Мұхаммед Ішкі істер министрлігі мен Шекара қызметінің Алматы қаласында орналасқан әскери және арнайы оқу орындарында болды.



3-бет

Ертіс пен Сырдария бақылауда

14 қаңтарда Ішкі істер министрлігінде Ертіс және Сырдария өзендері су деңгейінің көтерілуі бойынша ахуал туралы брифинг өтті.



4-бет

Полицияның сервистік қызметі

Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында полицияны азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет көрсететін орган ретінде қалыптастыру жөнінде қойылған міндет теориялық пайымдауды қажет етеді. Бұл тұрғыда шетелдік тәжірибе назар аударуға тұрарлық.



8-бет

Инновациялық өзгерістер басталды

Қаңтар айынан бастап Петропавл қаласы Полиция басқармасы патрульдік полиция батальонының қызметтік автокөліктері Streamax автомобильдік бейнетіркеу жүйесімен жабдықталды.

Есірткі сатқан электронды дүкен

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері синтетикалық есірткі сатумен айналысатын интернет-магазинді ұйымдастырды деген күдікпен 1989 және 1991 жылдары туған Петропавл қаласының екі тұрғынын ұстады.



Жүргізілген жедел жұмыстың барысында олардың қылмыстық іс-әрекеттері жекелей құжатталып, интернет-дүкен жұмысына талдау жасалды.

«Синтетикалық есірткімен күрес жүргізудегі басты қиыншылық – оларды таратуда жоғары технологиялық әдістерді қолдану, – дейді облыстық ПД ЕҚКҚБ бастығы, полиция полковнигі Жандос Басыбаев. – Таратушы қашықтықтан әрекет етеді, есірткі салушы – тарату тізбегіндегі ең төменгі буыны – ол таратушыны көрмейді, тек жабық электрондық арналар арқылы байланысқа шығып тұрады. Алайда, егжей-тегжейлі жедел жұмыстың нәтижесінде аталған интернет-ресурстың жұмысын ұйымдастырған күдіктілер анықталды».

Екеуі де 8 қаңтар күні ұсталды. Олардың жалға алған пәтерінен салуға дайындалған заттар: «түз», «спайс», жазбалар, сим-карталар, смартфондар алынды. Сонымен қатар, ішінде 250 грамға жуық синтетикалық есірткі бар үлкен полимерлі орама анықталды.

Барлық алынғандар сараптамаға жолданды.

Аталған факт Қазақстан Республикасының ҚК 297-бабы 3-б. «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» бойынша Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілді.

Сотпен екі күдіктіге қатысты «қамаққа алу» бұлтартпау шарасы қабылданды.

Өткен жылы облыстық ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлерімен есірткі заттарын сатумен айналысатын 162 интернет-ресурс анықталып, Ішкі істер министрлігіне бұғаттау үшін жолданды. Синтетикалық есірткі таратушы үшеуіне қатысты тергеу жүргізілуде. Олардың бәрі ұсталды. Одан басқа, 1 есірткі зертханасы анықталды.

Жыл басынан синтетика сатушылар алғаш рет ұсталып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысы ПД баспасөз қызметі

«Автобус» іс-шарасы басталады

15-17 қаңтар аралығында Жамбыл облысы аумағында «Автобус» жедел-алдын алу іс-шарасы өтіп жатыр.



Іс-шараға 400-ге жуық полиция қызметкері жұмылдырылмақ. Сонымен қатар, Жамбыл облысы Мемлекеттік кірістер департаменті, Көліктік бақылау инспекциясы, жергілікті атқарушы органдар өкілдерінен құралған арнайы мобилді топтар қатысады.

Шара барысында автокөліктердің санкцияланбаған тұрақтарда орналасуы, жүргізушілердің медициналық тексерістен өтуі, еңбек және демалыс режимінің, жолаушыларды тасымалдау заңдылықтарының сақталуы, көліктердің техникалық жарамдылығы, «Жол жүрісі туралы» заң талаптарының бұзылуы, жылдамдықты

асыру және басқа да жол қозғалысына қатысты жағдайлар қатаң бақылауға алынып, тексеру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, республикалық маңызы бар автожолдардағы жолаушылар мен жүкті тасымалдайтын автобус пен такси жүргізушілерінің құқығы белгіленген құжаттары да тексеріліп, бақылауды күшейту бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады.

Жамбыл облысы Полиция департаменті жүргізушілер мен жолаушыларды жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Жамбыл облысы ПД баспасөз қызметі

Жол жағдайына жауапсыз қарағандар

Ақмола полицейлері 1 күн ішінде өңірдің автожолдарын күтіп-ұстау мен жай-күйіне жауап беретін 13 лауазымды тұлғаны жауапкершілікке тартты.

Полиция департаменті облыстың автожолдарындағы апаттылықты азайтуға бағытталған жұмыстарды тұрақты түрде жүргізуде. Алайда, апаттылықты төмендету бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, жол ұйымдары қысқы кезеңде облыстың автожолдарын күтіп-ұстауды тиісті деңгейде жүзеге асырмай отыр.

Осыған байланысты жол-көлік оқиғаларының жиілеуі орын алуда, сондай-ақ, жол қозғалысына қатысушылар тарапынан негізді шағымдар тудырады.

Мәселен, 5 қаңтарда әкімшілік полиция басқармасының қызметкерлері «Көкшетау-Атбасар» автожолын 0-ден 184 км-ге дейін тексеру жүргізу барысында 136 километрде жолдың жүру бөлігінің шетіндегі қар өткелінің және жолдың тегіс еместігінің нәтижесінде көлік құралдарының қозғалысы қиындағанын анықтады. Осы автожол учаскесіне

«Қазақавтожол» ЖШС қызмет көрсетеді. Автожолдарды тиісті дәрежеде ұстамағаны үшін оның бас инженеріне қатысты ӘҚБК 631-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік іс қозғалды.

Сондай-ақ, 162 шақырымдағы жоғарыда көрсетілген автожолда жолды қар өткелі және жүріс бөлігінде мұзды көлбеу түрінде тиісінше ұстамағаны үшін «Қазақавтожол» ЖШС ЖПУ-3 бастығына қатысты ӘҚБК 631-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік іс қозғалды.

5 қаңтардағы жағдай бойынша автожолдың осы учаскесінде 1 жол-көлік оқиғасы болып, нәтижесінде 2 адам қаза тауып, 8 адам түрлі дәрежедегі жарақат алды.

Сондай-ақ, республикалық маңызы бар «Нұр-Сұлтан-Ерейментау-Шідерті» автожолын тексеру барысында 108 км-де қар өткелдері анықталды. Осы автожол учаскесіне «Қазақавтожол» ЖШС ЖПМ-92 қызмет



көрсетеді. Автожолдарды уақытылы тазаламағаны үшін ЖПМ бастығына қатысты ӘҚБК 631-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік іс қозғалды.

Жалпы 5 қаңтарда ғана автожолдарды тиісті дәрежеде ұстамағаны үшін 13 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жол-көлік оқиғаларын және мүмкін болатын қайғылы салдарларды болдырмау үшін Ақмола полицейлері жол ұйымдарының басшыларына мердігерлік ұйымдардың басшылары тарапынан бақылауды күшейтуді және кейіннен осындай кемшіліктерді болдырмауды ұсынады.

Ақмола облысы ПД баспасөз қызметі

Ұрлық түбі – қорлық

13 қаңтарда Қостанай қаласының Складской көшесіндегі дүкенге қарақшылық шабуыл жасау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Жедел-тергеу тобы күдіктіні дереу қолға түсірді. Күдікті Арқалық қаласының 19 жастағы тұрғыны болып шықты.

Белгілі болғандай, күдікті дүкенге сатып алушы ретінде бірнеше рет келіп, жағдайды бағамдап отырған. Кезекті рет дүкенге енгенде адам жоқ екенін байқап, сатушыны пышақпен қорқытқан. Ол жерден 25 мың теңге көлемінде ақшаны алып, оқиға орнынан лезде тайып тұрған.

Бұдан соң жәбірленуші полиция қызметкерлерін шақырады. Алғашқы тергеу әрекеттерін жүргізу барысында оқиға орнынан қылмыс құралы ретінде пышақ табылды.

Полиция қызметкерлері 3 сағаттың ішінде күдіктіні ұстады.



Қылмыстық істі тергеу жалғасуда. Жәбірленуші полиция қызметкерлеріне қылмысты жедел ашқаны үшін алғыс білдірді.

Қостанай облысы ПД баспасөз қызметі

Шетелдік күдікті ұсталды

Алматы облысының тәртіп сақшылары өз отандасын өлтірді деген күдікке ілінген 27 жастағы Өзбекстан Республикасының азаматын ұстады.

Кісі өлімі 11 қаңтарда Талғар ауданында орын алған. Құрылыс нысандарының бірінде түрлі дене жарақаты бар 43 жастағы ер адамның денесі табылған. Алдын ала тергеу барысында қайтыс болған азамат біздің елімізге 2019 жылы Өзбекстанның Әндіжан облысынан келгендігі және Қай-

нар ауылында жеке тұрғын үй құрылысын салумен айналысқан шетелдік азамат екені белгілі болды.

Аудандық полиция қызметкерлері кісі өліміне қатысы бар деген күдікпен жәбірленушінің 27 жастағы отандасын ұстады. Қылмыстық кодекстің 99-бабына сәйкес

сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп, қылмысқа қатысты барлық мән-жайлар анықталатын болады. Ұсталған ер адам уақытша ұстау изоляторына қамаққа алынды.

Полиция таратқан ақпаратқа сәйкес, дерек бойынша қажетті сараптамалар тағайындалды. Оқиға орнынан ас үй пышағы табылып, тергеу материалдарына айғақ зат ретінде тіркелді.

Алматы облысы ПД баспасөз қызметі

Ұландықтар өртті ауыздықтады

Оқиға 10 қаңтар күні – ұландықтардың кәсіби мерекесінде кешкі сағат 19.20 минут шамасында болған.



Ұлттық ұланның 5510 әскери бөлімінен жасақталған әскери жасақ қала ішінде қоғамдық тәртіпті қадағалау барысында Байтұрсынов көшесіндегі үйлердің бірінен өрт шыққанын байқап қалады.

Әскери жасақтар бойынша кезекші өрт жайлы дереу Жедел басқару орталығына баяндап, Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру қызметіне хабар береді.

Лейтенант Қуаныш Малғаждар басшылық еткен топ – ефрейтор Берік Құпайзов, қатардағы жауынгерлер Артем Абрамов пен Олег Зинченко өрт сөндірушілер келгенге дейін тілсіз жаудың бетін қайтарады. Сондай-ақ, әскери жасақ қауіпті аймақты қоршауға алып, қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыз етеді.

– Жер үйден шығып жатқан түтінді байқап, сарбаздарыммен оқиға орнына шұғыл жүгіріп жеткенде, бір үйдің толық өртке оранғанын көрдік. Оттың жалыны көрші үйге қарай көшіп жатыр екен. Жауынгерлер келгеннен өртті сөндіруге бірден кірісе жөнелді. Үйдің жарығы жанып тұрғандықтан, кісілер болса сыртқа алып шығайын деп ішке жүгіріп кірдім. Қуанышқа орай, үй ішінде адам жоқ екен, – дейді лейтенант Қуаныш Малғаждар.

Ұлттық ұланның баспасөз қызметі

САМБО

Көлік полициясының мақтанышы

Таяуда Нұр-Сұлтан қаласында жауынгерлік самбодан ересектер арасында ашық чемпионат өтті. Оған «Динамо» ДШСҚ ОҚ, ПМ, ҚР-ның құқық қорғау органдары, күш құрылымдары және басқа да арнайы құрылымдардың қызметкерлері қатысты.



Аталған додада Көліктегі Полиция департаменті Арнайы және жұмылдыру даярлық басқармасының инспекторы Айдос Абдолұлы да қатысып, чемпион атанды. Айдос 74 келі салмақта бірнеше кездесу

өткізіп, айқын басымдылықпен жеңіске жетті.

Полиция аға сержанты Айдос Абдолұлы бұған дейін жекпе-жекпен Қазақстан Республикасы чемпионатының күміс жүлдегері, жауынгерлік самбодан Қазақстан Республикасы және қоян-қолтық ұрыстан ПМ чемпионатының жеңімпазы, ерлер мен әйелдер арасында республикалық деңгейлерде өткен спорттық және жауынгерлік самбодан бірнеше дүркін чемпион атанған қызметкер. Сондай-ақ, титулды белбеу иегері атанған Еуразия чемпионы.

Бүгінде Айдос еңбек ететін Арнайы және жұмылдыру даярлық басқармасы қоғамдық қауіпсіздіктің алғы шебінде жүретін, әрі қандай да бір оқиға болған жағдайда алғашқы соққыны өздеріне қабылдайтын полиция қызметкерлерінің жауынгерлік дайындық деңгейлерінің заман талабына сай болуын мақсат етеді.

«Қазіргі таңда аталған басқармада желілік полиция бөлімдерінің қызметкерлері келіп, жауынгерлік даярлықтарын жетілдіреді. Біз сабақ барысында спорттағы тәжірибемізді пайдалана отырып, ату, қоян-қолтық айқас, арнайы қорғаныс құралдарымен жұмыс істеу секілді шеберліктерді үйретіп, теориялық дәрістер өткіземіз. Өйткені, полицейлерге ұдайы дайындықтан өтіп тұрудың маңызы зор. Әр полицей білімді ғана емес, сонымен бірге, білекті де болуы тиіс. Біздің қызметте қылмыскерлермен бетпе-бет келетін тұстар өте көп. Мұндай жағдайларда әрбір қызметкерге самбо әдістерін білу әрі оны қолдана білу өте қажет деп ойлаймын», – дейді спорт шебері.

Айдос соңғы кездесуіндегі жеңісінен соң биылғы жылдың 6-10 ақпан аралығында Атырау қаласында өтетін Қазақстан Республикасының чемпионатына жолдама алды. Аталған сайыста да әріптесіміздің жеңістің биік тұғырынан көрінуіне тілектестік білдіреміз.

Көліктегі ПД баспасөз қызметі

СПАРТАКИАДА

Отбасылық ойындар

Қостанай облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Бекет Аймағамбетовтің бастамасымен полиция қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне арналған жазғы және қысқы спартакиадалар ұйымдастыру дәстүрге айналған.



Іс-шараны салтанатты түрде Қостанай облысы ПД бастығының орынбасары Дүйсембай Байбосынов ашты. Полиция полковнигі мұндай іс-шаралар, ең алдымен, полицейлердің отбасыларын біріктіруге бағытталғанын, сондай-ақ, полиция қызметкерлерінің физикалық дамуын арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

– Бүгін 50-ден астам полицей отбасы қысқы спартакиадаға қатысты. Полиция қызметкерлері мен олардың отбасылары шаңғымен, конькимен сырғанап, қысқы футбол, допты хоккей ойнап, атқа мініп, орманда серуендеді, сондай-ақ, «Анам, әкем, мен – спорттық отбасымыз» отбасылық конкурсы және т.б. түрлі

спорттық ойындар ұйымдастырылды, – дейді «Динамо» ФСО төрағасының бірінші орынбасары Виктор Чернявский.



Қостанай облысы ПД баспасөз қызметі

ХОККЕЙ

Іріктеу сатысы қашан басталмақ?

Халықаралық хоккей федерациясы 2022 жылы Қытай астанасы – Бейжің қаласында өтетін Қысқы Олимпиадаға іріктеу сатысы бойынша барлық топтың күнтізбесін жариялады.

Естеріңізге сала кетелік, Қазақстан құрамасы Н тобында Украина, Польша және Голландия құрамаларымен сығана түседі. Ойындар 6-9 ақпан

күндері Нұр-Сұлтан қаласындағы «Барыс-Аренада» өткізіледі.

Қазақстандық хоккейшілер 6 ақпанда Украинамен айдынға шықса, одан кейін 7 ақпанда Голландия, 9 ақпанда Польшамен кездеседі. Өз тобында қазақстандық хоккейшілер бірінші орын алуы тиіс. Сол арқылы іріктеу кезеңінің финалдық сатысына жолдама алады.

Жарыстың аталмыш сатысында қазақстандық хоккейшілер 2020 жылдың 27-30 тамыз аралығында Словакия, Норвегия, Латвиямен шеберлік байқасады.

Қазақстан құрамасы Қысқы Олимпиада ойындарында екі мәрте бақ сынады. 1998 жылы ширек финалға дейін жетсе, 2006 жылы жалпы есепте тоғызыншы орын алды.



БАЙҚАУ

Оралдық оғландардың олжасы



«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің үздік жедел құтқару жасағы» атты ІХ республикалық конкурстың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметінің Жедел-құтқару жасағы Қазақстанда үздік деп танылды.

Байқауға қатысушылар апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуді, құтқарушылардың кәсіби дайындығын, қызметтердің жағдайы мен жинақталуын, үй-жайларды, техниканы, байланыс құралдарын, апаттық-құтқару жабдықтары мен құралдарын жүргізу бойынша тексеруден өтті.

Бұл – Орал құтқарушыларының алтыншы жеңісі. 2012, 2013, 2014, 2015 және 2018 жылдары да жасақ республика бойынша бірінші орын алған болатын.

Жасақтың құтқарушылары жыл сайын өз мамандығының үздік өкілдерінің бірі атағын растайды. 2010 жылдан бастап Орал құтқарушылары Алматы облысындағы «Жартасты қала – Астана» оқу-жаттығу полигонында өткен «Қазқұтқару» құтқару бөлімшелерінің республикалық жиын-семинарында жүлделі орындарға ие болды. 2019 жылы Батыс Қазақстан облысы жедел-құтқару жасағының командасы «Қазқұтқару-2019» құтқару көпсайысы бойынша жарыста екінші орынға ие болды.

2019 жыл құтқарушылар үшін жемісті және жауынгерлік істерде болды. Әртүрлі сипаттағы 735 жедел шығу жасалды, 794 адам құтқарылды, оның ішінде 154-і бала.



Батыс Қазақстан облысы ТЖД Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі Жедел-құтқару жасағының құтқарушылары қол жеткен жетістіктеріне тоқтамайды, апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуде өздерінің кәсіби дағдыларын одан әрі жетілдіретін болады. Олар құтқарған әрбір өмір – ең үлкен марапат!

Батыс Қазақстан облысы ТЖД ӨС және АҚЖ

ДЗЮДО

Биыл 6 чемпионат өтеді

Қазақстанның дзюдо федерациясының баспасөз қызметі 2020 жылы өткізілетін дзюдодан Қазақстан чемпионаттарының мерзімі белгіленгенін мәлімдеді.



Биыл барлығы 6 ел біріншілігі өткізіледі. 6-11 ақпан күндері Қостанай қаласында дзюдодан 2003-2004 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионаты ұйымдастырылады.

4-9 наурыз күндері Тараз қаласында 2000-2002 жылдары туған жастар арасындағы Қазақстан чемпионаты өткізіледі.

27-30 наурыз күндері Нұр-Сұлтан қаласында дзюдодан 23 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер (өтпелі) арасындағы Қазақстан Республикасының ашық чемпионаты болады.

1-6 мамыр күндері Орал қаласында дзюдодан 2004-2005 жылдары туған спорт-интернат оқушылары арасындағы Қазақстан чемпионаты ұйымдастырылады.

17-20 маусым күндері Түркістан облысы, Шардара қаласында дзюдодан 2005-2006 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионаты өткізіледі.

3 – 8 қараша күндері Атырау қаласында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтеді.

